

**Шектеу іс-шараларын алу және Жарма ауданы Жаңғызтөбе кенті әкімінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 5 "Жарма ауданы Жаңғызтөбе кентіне қарасты 9 айырыққа шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Жаңғызтөбе кенті әкімінің 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 5826 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабы 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жарма аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 26 ақпандағы № 67 ұсынысы негізінде, Жаңғызтөбе кентінің әкімі ШЕШТІ:

1. Үй жануарлардың құтыру ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Жарма ауданы Жаңғызтөбе кентіне қарасты 9 айырықтан шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Жарма ауданы Жаңғызтөбе кенті әкімінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 5 "Жарма ауданы Жаңғызтөбе кентіне қарасты 9 айырыққа шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-10-163 тіркелген, 2019 жылы 11 қаңтарда "Қалба тынысы" аудандық газетінде және 2018 жылы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Жаңғызтөбе кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімінің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде, қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Жарма ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Жарма ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кент әкімі*

*Е. Закимов*